

БЕКІТЕМІН:
«Меруерт-Ана» б/б ЖШС
менгерушісі А.У. Исакулова
«29» тамыз, 2024 жыл



«Меруерт-Ана» бөбекжай –балабақшасы» ЖШС-нің 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық перспективалық жұмыс жоспары

Жылдық жұмыс жоспарының құрылымы мен мазмұны

I. Ақпараттық анықтама	
II. Мектепке дейінгі мекеменің өткен оқу жыл бойынша тәрбиелеу мен оқыту жұмысының талдауы	
2.1. Бағдарламаның барлық бөлімдерінің білім беру салалары бойынша мониторингі	
2.2. Жылдық жоспар бойынша ұйымдастырылған педагогикалық қызметтің орындалуы бойынша талдау	
2.3. Ата-аналармен жұмыстың орындалуына талдау	
2.4. Жылдық жоспар бойынша мамандардың барлық бағыт бойынша жұмыстарының орындалуына талдау (психолог, музыка жетекшісі).	
2.5. Балабақша мен мектептің сабақтастық жұмысының талдауы	
Қорытындылар	
Жылдық міндеттер	
Жылдық жоспардың негізгі бөлімдері	
I. Педагогикалық қызметті ұйымдастыру	
1.1.	Әдістемелік деңгейін және кәсіби біліктілігін арттыру.
1.2.	«Қазақстан Республикасының Тілдер туралы», «Баланың құқықтары туралы », «Мемлекеттік рәміздер» Заңдарының орындалуы.
1.3.	Әдістемелік кабинет жұмысының ұйымдастырылуы мен мазмұны
1.4.	Психологиялық- медициналық- педагогикалық консилиум
1.5.	Педагогикалық кеңестер
1.6.	Мектепке дейінгі мекеменің ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері
1.7.	Кеңестер
1.10	Бақылау және басқару
II. Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту	
III. Қоғамдық және отбасылық тәрбие	
IV. Мектеп пен балабақша сабақтастығы	
V. Мерекелер мен ойын-сауықтар	
VI. Материалдық-техникалық базаны нығайту	

II. Өткен оқу жылының тәрбиелеу мен оқыту жұмысы бойынша талдауы

2.1. Бағдарламаның барлық бөлімдері бойынша білім беру салаларының мониторингі:

«Меруерт-Ана» бөбекжай –балабақшасы» ЖШС 2023-2024 оқу жылдарында жемісті жұмыстарының көрсеткіштерінің бірі, балаларды мектепке сапалы дайындау болып табылады. Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беруге жүргізілетін мониторинг балалардың бес білім беру саласы бойынша даму динамикасын қадағалауға мүмкіндік берді. Тәрбиеленушілердің білімін мөлшерлеуші ретінде, балаларды жетілдіруді дамыту деңгейінің диагностикалық картасы қолданылады. Бұл үшін барлық жастағыларды зерттеу картасы әзірленген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған. Баланың күтілетін нәтижелерге жетуі педагогтың баланың дамуын үнемі бақылауы яғни диагностика арқылы іске асырылады. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымына сүйеніп жасалынды. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады:

- 1) 1-деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;
- 2) 2-деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;
- 3) 3-деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.

Диагностиканы жүргізу кезеңдері: жылына 3 рет – оқу жылының басында, ортасында және соңында жүргізіледі.

- бастапқы – қыркүйек;
- аралық – қаңтар;
- қорытынды – мамыр.

Индикаторлар көрсеткіш ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз етеді және оның жеке дамуын жоспарлауға негіз болып табылады. Осы диагностика негізінде тәрбиеші, психолог және педагог мамандармен бірге Үлгілік бағдарлама мазмұнын меңгеру деңгейін анықтады. Нәтижесінде оқу жылының соңында «Ботақан» ортаңғы тобының МЖМБС талаптарына сай бес білім беру дағдыларына бойынша балалардың білім көрсеткіші I-деңгей 40%, II деңгей 40%, III деңгей 20%-ды құрады. Балалар не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие. Тәрбиеленушілермен жүргізілген мониторинг нәтижесінде балалардың білім-біліктілік дағдысының даму деңгейі төмен деңгейде екенін, тілдік дағдылары мен танымдық дағдыларын дамыту жұмыстарын жандандыру қажет екені анықталды. «Балапан» ортаңғы тобында II деңгей-45%, III деңгей-55%-ды құрады. Балалар не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие, сонымен бірге бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.«Балауса» ортаңғы тобында I-деңгей 20%, II-деңгей-25%, III-деңгей 55%-ды көрсетті. «Балауса» ортаңғы тобында тәрбиеленушілермен жүргізілген мониторинг нәтижесінде балалардың білім-біліктілік дағдысының даму деңгейі төмен деңгейде екенін, тілдік дағдылары мен танымдық дағдыларын дамыту жұмыстарын жандандыру қажет екені анықталды. «Айгөлек» ортаңғы тобында II-деңгей 32%, III-деңгей 68%-ды көрсетті. «Айгөлек» ересек тобында тәрбиеленушілермен жүргізілген мониторинг нәтижесінде балалардың білім-біліктілік дағдысының даму деңгейі жоғары деңгейде екенін, балалар не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие, сонымен бірге бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады. «Жұлдызша» мектепалды тобында I-деңгей 6,25%, II-деңгей 18,75%, III деңгей 75%-ды көрсетті. «Жұлдызша» мектепалды тобында

тәрбиеленушілермен жүргізілген мониторинг нәтижесінде балалардың білім-біліктілік дағдысының даму деңгейі жоғары деңгейде екені анықталды. Мониторинг нәтижесі бойынша балалардың құзыреттіліктерінің даму динамикасының оңтайлы екендігі байқалады. Бұдан ұйымдастырылған оқу қызметтері жеткілікті деңгейде жүргізілуде деген қорытынды жасауға болады. Биылғы жылы балабақшада балалардың даму құзыреттіліктерінің диагностикасы ғана емес, сонымен қатар балалардың мектепке дайындығына да талдау жасалған. Бітірушілер тобы біреу. Талдау нәтижесі төмендегідей:

Салыстырмалы бақылау нәтижесінде, тәрбиеленушілермен тіл дамыту жұмыстарын жиі жүргізу, балаларды өз бетінше әрекет етуге, ойын ашық айта білуге үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту, сурет салу өнеріне баулу, ермексазбен жұмыс жасау технологиясын үйрету қажеттілігі анықталды. Тәрбиешілер мен басқа барлық мамандардың жұмыстары өте тығыз ынтымақтастықта жүргізіледі. Балалардың даму деңгейін тексеру және бақылау меңгеруші А.Исакулованың басшылығымен әдістемелік кеңесте талқыланды.

Ұсыныс: тәрбиеленушілермен жеке, топтық жұмыстарын күшейту, шығармашылыққа бейімдеу, жаңа технология элементтерін ұйымдастырылған оқу қызметінде жүйелі қолдану, ата-аналармен байланысты нығайту.

Шешу жолдары: Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай дидактикалық материалдарды, көрнекіліктерді дайындау, тәрбиешілердің біліктіліктерін арттыру жұмыстарын жандандыру.

2.2. Жылдық жоспардың ұйымдастырылған педагогикалық қызметі жұмысының орындалуы бойынша талдау

Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар:

1) Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – *ҮОЖ*) талаптарына сәйкестігі;

Бөбекжай мақсаты: Балалардың денсаулығын сақтау құзыреттілігін дамыту, олардың денсаулығын нығайту және сақтау, мектепке дейінгі балалардың көркем әдеби және театрландырылған қызметін ескере отырып, жеке тұлғалық коммуникативін дамыту. Балаларды рухани-адамгершілік және патриоттыққа тәрбиелеу.

Бөбекжайдың басымдылық бағыты:

Озат педагогтардың жұмысын насихаттау, ақпараттандыру. Тілдің үштұғырлылығы жобасы бойынша тәрбиеленушілерге ағылшын тілін үйретуді қамтамасыз ету, вариативтік компонент жұмыстарын жандандыру. Елбасы Жолдауында ұсынған «Мәңгілік Ел» идеясын дамыту, тәрбиеленушілердің бойына елінің, жерінің мәдени ұлттық құндылықтарын сіңіру.

Тәрбиелік-оқытушылық үдерістің негізгі қағидалары:

- балалардың жалпы, ерекше, тұлғалық ерекшеліктерін есепке алу
- психологиялық дамуы нашар балаларға ерекше көңіл бөліп, қажетті әрекеттер қолдану;
- топтық бөлмелерде арнайы шарттарды қолдану;

- тәрбиеленушілердің ата-аналарымен байланыста болу.

Алға қойылған тапсырмаларды МДББМ іске асыру жұмыстары:

- Театрландыру элементтерін пайдаланып, театрланған ойындарды қолдану арқылы іс-әрекет өткізу;
- Күнделікті өмірде, өмірлік сәттерде қолдану;
- Тақырыптық сұхбаттасу арқылы өзекті мәселені шешу;
- Мемлекеттік тақырыптағы мереке (Конституция күні, Тұңғыш Президент күні, Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл, 8 наурыз Наурыз, Халықтар достығы күні, Жеңіс күні және т.б.) іс-шара өткізу;
- Бейнетаспалар көру, суреттер, мемлекеттің өмірін сипаттайтын суреттер көрсету;
- Ата-аналарды қатыстырып, байқаулар ұйымдастыру.

Қорыта келе, бөбекжайдың оқыту-әдістемеліктің басты бағыттары мыналар:

- Баланың зияткерлік қабілеттілігін қалыптастыру үшін тиісті шараларды жасау;
- Баланың эмоционалды өмірі үшін қажетті талаптарды орындау;
- Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде өтетін сауықтыру шараларын ұйымдастыру.

Әдістемелік оқытудың мазмұны ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 тамыз №499 бұйрығымен бекітілген 1-қосымша 2022 жылғы 14 қазанындағы №422 бұйрығына сәйкес жұмыстар жүргізілді.

Балалардың жас ерекшеліктеріне қойылатын талабына байланысты ұйымдастырылған оқу қызметі кестесі оқу жоспарына сәйкес құрылған. Күн тәртібі гигиеналық талаптарға сай, жылдық жоспар негізінде балабақшадағы педагогтармен ай сайын күнтізбелік жоспар және технологиялық карталар құрылады. Іс-әрекетті ұйымдастыру барысында әр түрлі тәсілдерді қолданады. Бұл – дәстүрлі, кіріктірілген, ұжымдық, топтық, жарты топпен, жеке іс-әрекеттер. Бұл іс-әрекеттерде педагогтар әр түрлі салаларды, тақырыпқа сай жоспар бойынша мән-мағынасын біріктіреді. Негізгі әдістемелік тәсіл – ойын және театрланған әрекет болып табылады. Іс-әрекет ойын және ертегі сюжеттерімен толықтырылады. Бала ойынның қызығымен астарлы оқыту мақсатын байқамайды. Мектепке дейінгі жастағы балалармен жұмыс барысында педагогтар әр баланың мінез-құлқын, жас психофизиологиялық ерекшеліктерін, табиғи дара шығармашылық қабілетін ескереді. Педагогикалық құзыреттілік мәселені сараптау және жоспарлау негізінде құрылады. Балабақшада әр баланың жеке тұлға боп дамуына барлық жағдай жасалынған. Көрме, сайыстар (балалардың ата-аналармен біріккен суреттерінің және қолеңбектерінің көрмелері) ұйымдастырылады. Әр жастағы топта баланың дамуына оның жасы, психофизикалық дамуына жағдай жасалған. Барлық жабдықтар және ойын құралдары аймақтарда дұрыс орналасқан. Топтарды безендіру баланың эстетикалық, патриоттық дамуына әсерін тигізеді. Барлық жастағы топтарда жас ерекшеліктеріне сай мольберттер, үлгілер, түрлі бағыттағы көркем сурет, ұлттық қолөнер заттары бар. Балалардың сурет салуға, мүсіндеуге қарындаштары, қағаздары, ермексаздары, әртүрлі бояулары қолжетімді орналасқан бұрыштары бар. Топтарда музыкалық бұрыштар бар. Театрланған әрекеттер үшін түрлі жабдықтар (куыршақтар, театрлық костюмдер, шымылдық), театрдың бірнеше түрі (қолеңкелік, үстелдік және т.б.) бар. Педагогтармен әр ай сайын жоспарлы сюжетті-рөлдік қойылым көрсетіледі. Бұл балалардың адамгершілік құзыреттіліктерін дамытады. Экологиялық және тәжірибелік (экспериментальді) орталықтарда экологиялық мәдениетті дамытуға арналған көрнекі құралдар (альбомдар, сурет жинақтары, дидактикалық ойындар және т.б.) сияқты иллюстративті материалдар; көгалдандыру бұрыштары (үй өсімдіктері) бар. Орталықта өсімдікті өсіруге және оларға күтім жасауға арналған (бау-бақша, гүл өсіретін орындар) барлық жағдай жасалған. Балалардың қарапайым жеке ғылыми көзқарастарын дамытуға

арналған материалдар және балаларға тәжірибе жасауға арналған құралдар бар. Бөбекжайдың әрбір жоғарғы топтарында балалардың танымдық дүниетанымын дамытуға арналған (мозайкалар, түрлі-түсті ойыншықтар және т.б.) дидактикалық ойындар (лото, домино, сурет жиынтықтары) әр түрлі сюжетті ойын жиынтықтары және қуыршақтар мен әртүрлі пішіндегі жануарлар, ойыншық жиһаздар, ойыншық телефон сияқты және балалардың әр түрлі кәсіп түріне бейімделіп дамуына арналған «Дүкен», «Шаштараз», «Аурухана» және т.б. тақырыптары бойынша түрлі жиынтықтар бар. Серуен кезінде ойнауға арналған (шелек, күрек, түрлі пішіндер, қалақтар) ойыншықтары бар. Орталықтағы ойыншықтардың барлығы тақырыпқа сай орнатылған, әрбір бала өзіне ұнаған ойыншықты алып, басқа балаларға кедергі жасамайды. Әрбір топта осы балабақшаның қызметкерлері дайындап жасаған (ой қабілетін, қол саусақтарын дамытуға) дидактикалық материалдар бар. Ересек топтарда балалардың құрастыру қызметін дамытуға арналған барлық жағдай жасалған. Сонымен қатар ұсақ және ірі құрылыс материалдары (әр түрлі әдіспен құрастыратын фетрден, кәушіктен) түрлі құрастырғыштар, түрлі құрылыс схемалары, сызбалары, мозайкалар, танграммалары бар. Бейнелеу өнеріне арналған табиғи материалдар бар. Сондай-ақ барлық топтарда (киіз үйдің макеттері, қазақтың ұлттық киімдегі қуыршақтары, жұмыс бұйымдары және т.б.) «Қазақтың ұлттық бұйымдары» атты бұрыштар бар. Орталықтың басты мақсаты балаларды қазақ халқының мәдени құндылықтарына баулу және тәрбиелеу. Балалар қазақ халқының шығармашылығымен, салт-дәстүрімен танысады. Орталықтың дамыту саласы баланың жеке тұлғасын дамыту үшін барлық жағдайлар қамтамасыз етілген. Балалардың даму белсенділіктерін арттыру үшін орталық тәрбиешілері балабақшаны материалдармен қамтамасыз етуге көп көңіл бөледі. Сонымен қатар әрбір топта балалардың ойнау қажеттіліктерін қамтамасыз етуге арналған ойын алаңдары бар. Топтағы ойнау бұрыштары сюжетті рольге бөліну және дамыту ойыншықтарынан тұрады. Кіші және ортаңғы топтағы «Үй», «Параход», «Аурухана», «Шаштараз», «Балабақша», ал ересек топта «Мектеп», «Кітапхана», «Супермаркет» сияқты сюжетті рольге бөліну ойындарының барысында балалардың өздігімен рольді бөлу, ересектермен бірігіп ойнауға арналған құралдарды дайындау мәнері қалыптасып, сонымен қатар ойындарды ұйымдастыру белсенділігі артады. Ойнау барысында балалардың қоршаған орта туралы көзқарастары қалыптасып, тіл байлығы мен психикалық процесстері дамып, еңбексүйгіштік қасиетке бейімделіп тәрбиеленеді. Барлық материалдар балалардың жас ерекшеліктері мен психофизикалық ерекшеліктерін, санитарлы-гигиеналық талаптарын, психопедагогикалық шарттарын ескере отырып жасалып, жинақталатындықтан баланың интеллектуалдық қажеттіліктерін қамтамасыз етуге себебін тигізеді. Балабақшаның барлық табиғи-кеңестік ортасы санитарлық тексеру мекемелерінің талаптарына сәйкес келеді. Бірігіп қызмет жасау үшін барлық жағдайлар толығымен жасалған. Жиһаздардың орналасуы, ойын жабдықтарының орналасуы қарастырылған. Сондай-ақ, ауыз су, жарық, жылу режимдері қадағаланады.

Мектепке дейінгі балалардың толықтай физикалық дамуының маңызды міндеттерінің бірі балалардың мезгілімен тамақтануын дұрыс ұйымдастыру. Балабақшада үш мезгілдік тамақтану бекітілген. Тағамдардың барлық түрі нормаға сәйкес. Балабақшадағы тамақтандыруды ұйымдастыру мына шарттардың негізінде құрылады:

- рационның энергетикалық құндылықтары;
- рационның тағам құрамына байланысты, сәйкестігі;
- рационның түрлі құрамы;
- жоғарғы технологиялық және аспаздық өңдеу;
- балалардың жеке ерекшеліктерін ескерту.

Балабақшадағы дене-шынықтыру, денсаулық сақтау жұмыстары

- суыққа бейімдеу(жалаң аяқ жүру);
- өздігімен массаж жасау,биологиялық белсенді зоналарға массаж жасау;

- психикалық аурулардың алдын алу шаралары;
- күні бойғы рационды қозғалу белсенділігі (дене шынықтыру, ойындар, таза ауада серуендеу)

2.2.1. Педагогикалық кеңес

Бөбекжайда педагогикалық кеңес жылына бес рет өткізіліп, әр түрлі тақырыптар талқыланды. Басым бағыттар бойынша жұмыстар педагогикалық кеңесте қаралды. Педагогтар жұмыс істеген бірыңғай әдістемелік тақырып та осы бағытпен байланысты болды. Балалардың әлеуметтік дамуы жөніндегі жұмыстардың жағдайын, басым бағыттың және бірыңғай әдістемелік тақырыптың жүзеге асырылуын анықтау мақсатында тақырыптық тексеріс жүргізілді. Сондай-ақ, бұл мәселе педагогикалық кеңесте қаралды, педагогтар үшін жадынамалар әзірленді. Жасалған жұмысты талдау бөбекжайда нақты жағдайлардың құрылғандығын, алайда оның балалардың рухани-адамгершілік білімдеріне, тәрбиесіне және зияткерлігін дамытуға қатысты міндеттерді шешу үшін жеткіліксіз екендігін, әрі осы бағыттағы жұмыстарды ұйымдастыру әдістемесін барлық педагогтардың бірдей игермегендігін көрсетті.

№1 педагогикалық кеңес «Бөбекжайдың жаңа оқу жылына дайындығы» тақырыбында теориялық түрде өтіп, педагогтарды жаңа оқу жылының мақсат-міндеттерімен және мемлекеттік стандарт (ҚР Үкіметінің **13.05.2020 № 292** 1-қосымша 2022 жылғы 14 қазанындағы №422 бұйрығына сәйкес жұмыстар жүргізілді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты) талаптарымен, сондай-ақ 2024-2025 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстырылды.

№2 педагогикалық кеңес «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдайлар туғызу» тақырыбында алынып, педагогтар мен медбике баяндамалар оқып, «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?» тартымды рефлексивті-рөлдік ойын көрсетіліп, қызықты пікірталас түрінде өтті.

№3 педагогикалық кеңес «Педагогтардың өздігінен кәсіби дағдыларының жүзеге асуының қалыптасуы» тақырыбында шығармашылық қобдиша түрінде өтіп педагогтың кәсіби құзіреттілігі-білім сапасын көтерудің факторы екеніне тоқталынды. Педагогтардың кәсіби біліктіліктерін арттыру қазіргі заман талабы екенін, тәрбиеленушілерді жан-жақты дамыту қазіргі педагогтың міндеті екені, сонымен бірге, педагогтардың өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бойынша көрме ұйымдастырылды.

№4 педагогикалық кеңес «2024-2025» оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының мақсат-міндетін айқындау» тақырыбында жыл бойы жүргізілген жұмыстарға қорытынды жасалынып, келесі оқу жылының мақсат-міндеттері айқындалды.

Алдағы кезеңде жүргізілетін жұмыстар

- балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайту;
- балаларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулу ерте жастағы балалардың әлеуметтік дағдылары мен өз бетінше оқу дағдыларын дамыту;
- балалардың тарихқа, табиғатқа, мәдениетке және туған өлкенің бай мұрасына сүйіспеншілігін қалыптастыру;
- балаларды мектепте оқуға мақсатты түрде дайындау.

Оқу жүктемесі барлық жастағы мектепке дейінгі білімнің санитарлы-гигиеналық нормасына және ережесіне сәйкес келеді. Мектепке дейінгі балалардың жалпы білім алу көлемі ойнау және оқу барысы педагогтарды денсаулық сақтау технологиясын қолдануға итермелейді.

2.2.2. Кеңестер: Бөбекжайда педагогтарға әр түрлі тақырыпта кеңестер берілді. Жоспар бойынша кеңес жылына бес рет берілді. Қыркүйек айында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын іске асырудың негізгі бағыттары» тақырыбында педагогтарға жаңартылған білім мазмұны бойынша практикум-кеңес өтті. Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі

заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік практикасын кіріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктері ескерілгені, «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпы адамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа толеранттылыққа тәрбиелеу, сондай-ақ баланы мектепте оқуға әлеуметтік психологиялық, тұлғалық даярлау басымдылықтары қарастырылғандығы жөнінде кеңес берілді. Қараша айында тәрбиешілер «Баланың шығармашылық қабілетін жетілдіруде эстетикалық тәрбиенің ролы» атты диалог-кеңес өткізді. Онда музыка өнері баланы эстетикалық талғамын арттыратынын, әсемдікті қабылдап, сезіну, түсіну, жақсы мен жаманды байқап шығармашылық тұрғыдан жеке қимыл жасауға көркемдік қызметтің әр түріне қамтылу қабілеттерін қалыптастырып, дамытып, жетілетінін айтты. Қаңтар айында медбике З.Хамытбаеваның «Тұмаудан сақтанудың қарапайым тәсілдері» тақырыбында ата-аналарға, тәрбиешілерге кеңес берді. Мамыр айында психолог ата-аналарға «Егерде бала көп сұрақтар қоятын болса...» тақырыбында балалардың сұрағына қорықпай анық, толық жауап беру керектігін, сол арқылы баланың сөйлеу мәнері, үлкендермен қарым-қатынасы жақсаратынын, айналадағы қоршаған ортаға қызығушылығы артып, танымдық қабілеті жетілетіні туралы кеңес берді.

Қиыншылықтар:

- Балалар оқу және ойнау әрекеттері кезінде байланыстыратын сөздерді аз пайдаланады, кең түрде берілген синтаксистік құрылымдарды құруда қиыншылық танытады, балалардың сөз сөйлеу мәнері айқын емес.
- Педагогтардың аудандық, облыстық, республикалық сайыстарға қатысу деңгейі әлі де төмен, қызығушылығы жоқ.

Себептері:

- Бөбекжайға алғаш рет келген балалардың білім шамасы жеткіліксіз, сөздік қорлары шектеулі.
- Педагогтардың аудандық, облыстық, республикалық сайыстарға қатысуға жағдай жасалмаған

Шешу жолдары: Бөбекжайдың танымдық хабардарлық міндеттерді жүзеге асыру жөніндегі жұмысын талдай отырып, балалардың тілін дамытуға ерекше назар аудару қажет, оларды көркем әдебиетпен және театрландырылған әрекеттермен таныстыру, Педагогтарды әр түрлі сайыстарға қатыстыруды ынталандыру.

2.2.5. Ашық ұйымдастырылған оқу іс әрекеттері

Оқу жылының басында педагогтардың кәсіби құзіреттілігін дамыту, өзара ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қатысу арқылы тәжірибе жинау мақсатында ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері жоспары түзіліп, бекітілді.

Келешек жұмыстардың міндеттері:

2024-2025 жылғы оқу жылында әрбір жастағы топтар үшін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес келетін, балалардың физикалық және психикалық денсаулықтарын нығайту, олардың денсаулықты сақтаудан хабардар болуын қалыптастыру жөніндегі жұмыстарды жалғастыру. Осы мақсатта СӨС-ның әртүрлі нысандары мен әдістерін, соның ішінде әдістерді, психологиялық ойындарды және релаксацияға арналған ойындарды пайдалану.

Медицина қызметкері нақты міндеттерді және күтілетін нәтижелерді тұжырымдай отырып, бір жылға балалармен сауықтыру жұмыстарын жүргізу жоспарын құруы және оған СӨС-ның медициналық бақылауды ұйымдастыру, жиі ауыратын балалардың денсаулығын нығайту жөніндегі іс-шараларды енгізу. Осы балалардың ата-аналары үшін, сауықтыру жөніндегі ақыл-кеңестер әзірлеу.

2024- 2025 жылғы оқу жылына арналған жұмыстың мақсатын белгілеу:

«Балалармен жүргізілетін дене тәрбиелік-сауықтыру жұмыстарының нысандары мен әдістерін жетілдіру және олардың денсаулықты сақтай білуден хабардар болуын қалыптастыру».

2.2.7. Бақылау және басшылық

Бөбекжайда жыл бойы тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқыту жұмыстарының жүргізілу сапасына бақылау жүргізіледі. Жылдық жоспардың педагогикалық ұйымдастыру жұмыстарының мақсаты: мектеп жасына дейінгілердің тәрбиелеу-білім беру үдерісінің тиімділігін арттыру болып табылатын «Басшылық және бақылау». Бөбекжай ішіндегі бақылау мектепке дейінгі ұйымдардың жұмыс жағдайына талдау жасау үшін, барлық тәрбие және білім беру үдерісіне қатысушылардың жұмыстары нәтижелі болуы үшін негізгі ақпарат көзі болып табылады. Басшылық және бақылау бөбекжайда әр түрлі нұсқаларды қолдана отырып өткізіледі: тәлімгерлік және өзара бақылау, өзін-өзі бақылау, жоспарлы-әкімшілік бақылау. Бақылауда мамандармен жұмыс, еңбек, ойын жұмыстары, білім беру саласының жалпы барлық тармақтары қамтылған. Бақылаудың: жедел, бастапқы (алдын ала), тақырыптық бақылау түрлері қолданылады. Қорытынды нәтижесі анықтамалар, диаграммалар түрінде көрсетіледі. Бақылаудың қорытындысы педагогикалық кеңестерде, директор жанындағы жиын және әдістемелік кеңестерде қаралады. Мәселелерді болжауға жасалған талдаудың нәтижесі бойынша 2024-2025 оқу жылында бақылау нұсқаларын әдістемелік кеңесті тарта отырып түрлендіруді жалғастыру ұсынылған болатын, сондықтан биылғы оқу жылында да балаларды жетілдіруді дамытуға мониторингті, әдіскер басшылығымен әдістемелік бірлестігі жүргізді.

Балалардың даму деңгейін тексеру және бақылау меңгеруші А.Исакулованың басшылығымен, әдістемелік кеңесте талқыланды. Әдістемелік кеңес «Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру» тақырыбында дөңгелек үстел өтіп, барысында өтпелі тақырыптар бойынша перспективалық жоспар мен циклограмманы жазу, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы дайындаған Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу нәтижелеріне талдау жасалынып, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, әдістемелік көмек көрсетілді.

Педагогикалық үдерістің жаңа оқу жылына дайындау деңгейіне, балалардың даму деңгейіне диагностика жүргізуге, ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыптық жоспарын құрастыруға, балалардың өмірі мен тәрбиесін ұйымдастыруды жоспарлау циклограммаларын құрастыруға, ғимараттар мен қосалқы ғимараттарды қысқы жұмысқа дайындауға, жас мамандармен жұмысты ұйымдастыруға, ата-аналар жиналысының хаттамаларын ресімдеуге (жалпы және топтық), өткізілген семинарлар бойынша құжаттаманы ресімдеу жұмыстарына, педагогикалық үдерісті ұйымдастыру, аттестаттау материалдарын ресімдеуге жедел бақылау жұмыстары жүргізілді. Бақылау нәтижесінде жаңа оқу жылына дайындық деңгейі орта екені, кейбір тәрбиешілердің құжаттарды толтыруда қателіктерге жол бергені анықталды. Ол педагогтармен жыл бойы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, кеңестер берілді. Жас мамандарға ата-аналармен жұмыс түрлерін таныстырып, тәлімгерлер кеңестер беріп отырды. Қыркүйек айында «Бөбекжайдың жаңа оқу жылына дайындығын бақылау; Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау деңгейі», «Ботақан» ортаңғы тобындағы балалардың бейімделуі», «Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша бастапқы даму мониторингі» тақырыптарында жедел бақылау, «Қауіпсіздік шараларының ережесін сақтау», «Ашық ұйымдастырылған оқу қызметіне, мерекелік шараларға қатысу» тақырыптарында тақырыптық бақылау болды. Бақылау нәтижесінде қауіпсіздік шаралары бойынша барлық топтарда бұрыштар дайындалып, ата-аналарға мәлімет берілген. Қазан айында «Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру»

бойынша ортаңғы, ересек топтарда буклеттер дайындалып, серуеннен келгеннен кейін, ұйқыдан тұрған соң мәдени гигиеналық шаралар туралы тәрбиеленушілерге мәліметтер беріліп отырылды. «Педагогтердің күн тәртібін сақтау жөніндегі жұмыс деңгейі, серуенді бақылау», «Ересек топ балаларын мектеп өмірімен таныстыру» алдын-ала бақылау. Ересек топ балаларын мектеп өмірімен таныстыру, педагогтардың өзара ҰІӨ-не қатысу деңгейіне, педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау жұмысының деңгейіне, психолог кабинетінің жұмысын ұйымдастыру, балалар портфолиосын ресімдеу, бөбекжай ауласының санитарлық жағдайы, балаларды көше қозғалысы ережелерімен таныстыру жұмысының деңгейі бойынша алдын ала бақылау жүргізілді. Ашық іс-шараларды ұжымдық қарау педагогтардың біліктілігін жоғарлату жүйесінде және жалпы білім беру үдерісінде маңызды рөл атқарады. Бұл әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың тиімді түрлерінің бірі. Олар педагогтарға әріптестерінің қалай жұмыс істейтіндерін көруге, олардың оңтайлы тәжірибелерін қолдануға, өздерінің балалармен жұмыс кезіндегі кемшіліктерін жөндеуіне мүмкіндіктер береді.

Тәрбие сағаттар өтілу жоспарлануы

ҚР «Тілдер туралы» Заңын жүзеге асыру барысында бөбекжайда ҚР баспалары шығарған газет, журналдарға жазылу жүргізілді. «Балабақша: тәрбиелеу және оқыту», «Отбасы және балабақша», журналдарына жазылды. Жыл бойы балабақшамызда мерекелік іс-шаралар өз мәнінде өткізілді. Атап айтар болсам, «Қош келдің, Наурыз!», «9 Мамыр», «Тілдер мерекесі», «Алтын күз», «Республика күні», «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл», «8-21 наурыз мерекелері», «Қазақстан халықтарының бірлігі күні», «7 мамыр Отан қорғаушылар күні», «9 мамыр Жеңіс күні», «Рәміздер күні», «Астана күні» мерекелері кең түрде атап өтілді.

2.2.10. Әдістемелік кеңес. Педагогтардың жұмыста диагностикалық әдістемелерді және мониторинг бағдарламаларын қолдану, балалардың даму деңгейін тексеру және бақылау мақсатында әдіскер Е.Сманованың әдістемелік кеңес отырыстары жылдық жоспарға сай ұйымдастырылып, өткізілді. №1 әдістемелік кеңес «Педагогикалық қызмет барысында тәрбиеленушілерге жүйелі білім беру» тақырыбында дөңгелек үстел өтіп, барысында үлгілік бағдарламаға сәйкес перспективалық жоспар мен циклограмманы жазу, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы дайындаған Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу нәтижелеріне талдау жасалынып, түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, әдістемелік көмек көрсетілді. №2 әдістемелік кеңес «Жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді оқыту мен тәрбиелеу процесінде тиімді қолдану арқылы нәтижеге жету жолдары» тақырыбында конференция түрінде өткізіліп, онда тәрбиешілер мен мамандар шығармашылық жобалары мен вариативтік компонент бағыты бойынша жұмыстарына тоқталды. Тәрбиеші С.Касымованың «Дамыту орталықтарын ұйымдастыру арқылы тәрбиеленушілерді дамыту» тақырыбы бойынша топтарда дамыту орталықтарын жүйелі ұйымдастырудың тиімділігі жөнінде айтып өтті. Әдіскер Е.Сманова «Тәлімгер мектебі» жұмысының барысына тоқталып, педагогтарға әдістемелік көмектің уақытылы беріліп жатқаны туралы айтты. №3 әдістемелік кеңесте «Көптілділік саясаты-оқыту процесінде» тақырыбы бойынша презентация жасалып, тіл мамандары үштілділік бойынша өз ойларын ортаға салып, қазіргі заман талабына сай үш тілде оқыту балаларымыздың коммуникативті даму біліктілігін арттырады, қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді, бірден көп тілдерде сөйлеуге мүмкіндік алатынын айтты. «Күзиретті педагог-жаңа формация педагогы» тақырыбында өткен №4 әдістемелік кеңесте қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгеріп, жаңа формация мұғалімі болу-заман талабы, жаңа формация педагогы деп кімді атай аламыз деп жаңа форматтағы педагог моделімен таныстырылып, педагог-тәрбиешілер өз ойларын ортаға салды. №5 әдістемелік кеңес «Жылдық оқыту мен тәрбиелеу жұмысының қорытындысы» бойынша өтті. Онда жыл бойы жүргізілген әдістемелік жұмыстарға тоқталып, келесі жылдың мақсат-міндеттері айқындалды.

Аталған мақсаттарды іске асыру үшін келесі міндеттер анықталады:

- Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыруда, олардың тәрбие және оқыту процестерінің жекешелендіру жолында, балалардың моральдық-рухани және патриоттық сезімдерін қалыптастыру, дамыту ортасын орнату, педагогтардың біліктігін әрдайым дамыту мақсатында арнайы семинарларды, кеңес берулерді, «Шығармашылық бөлме» жұмысын ұйымдастыру;
- Педагогтардың өзіндік білім алуына жағдай жасау, олардың мүмкіндіктерін, қабілеттерін бағалауда объективті пікірлерді қалыптастыру және шығармашылық есептерді ұйымдастыру, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерін өткізу арқылы педагогтардың объективтілігін тексеру.
- Әдістемелік көмекті уақытында көрсету және мақсатты бағытталуын қамтамасыз ету үшін педагогтардың сұраныстарын қарастыру және талдау.
- Мониторинг жұмысын мақсатты түрде қолдану: сауалнама жүргізу, әдістемелік жұмыстың тиімділігін талдау және өзіндік талдау, алдыңғы қатардағы педагогикалық тәжірибені қарастыру, аттестация кезінде тәжірибиелік әрекет етуді талдау.

Жаңа оқу жылында әдістемелік жұмыстың тиімділігін талдауда келесі бағыттарды есепке алу керек:

- Педагогтар үшін тиімділік;
- ата-аналар үшін тиімділік.

Әдістемелік жұмыстың тиімділігін өлшеуге арналған критерийлер:

Педагогтар үшін тиімділік:

- ұжымдағы жағымды психологиялық ахуал;
- педагогтарды творчестволық инновацияларға тарту;
- педагогтардың атқаратын қызметтерімен қанағаттануы;
- біліктілікті арттыру жүйесінің сапалы ұйымдастырылуы;
- кәсіби әрекет етудің жоғары деңгейі, кәсіби шеберліктің өсу динамикасы;
- аттестация нәтижелері бойынша квалификациялық деңгейдің өсуі.

Ата-аналар үшін тиімділік:

- балабақша, тәрбиешілердің жұмыстары мен қызметтерінің ата-аналармен жағымды бағалануы;
- педагогикалық үдерісті ұйымдастыру жолында ата-аналардың тәрбиешілерге көмек көрсетуге дайындығы және талап етуі;
- ата-аналардың балабақшадағы жағдай туралы жоғары ақпараттандырылуы.

Оқу жылында өткізілген ОТЖ талдау негізінде және бөбекжайдың «Балалардың моральдық-рухани тәрбиесі» ортақ мақсатынан туындап, жаңа оқу жылының ортақ әдістемелік тақырып ретінде «Балабақша тәрбиеленушілердің моральдық-рухани тәрбиесін және білім алуын арттыру жолында педагогтардың кәсіби біліктілігін жоғарылату» алынды.

2.2.12. Материалдық-техникалық база

Бөбекжайдың ашылуы барысында жақсы материалдық-техникалық база құрылған, ол балалармен денсаулық сақтау және тәрбиелік-білім беудің жұмыстарына қойылатын талаптарға сай келеді. Бөбекжайда арнайы топтық бөлмелер, жатын орындар, тамақтану орындары бар. Кабинеттер: меңгеруші, әдістемелік, психолог, консультативтік пункт, заттық дамытушы орта, медициналық кабинеті. Музыкалық зал заманауи музыкалық құралдармен жабдықталған.

Бөбекжай алаңы безендірілген, әр жастық алаңы қажетті ойын және ойын құралдармен қамтамасыз етілген. Әдістемелік кабинетте балалар мен ата-аналар арасында жұмыс түрлерін ұйымдастыруға көмек көрсететін қажетті әдістемелік, анықтамалық, танымдық әдебиеттер бар. Жыл бойы балалар әдебиетінің кітапханасы толықтырып отырады. Топтардың ұйымдастырушылық ортасы

рольдік ойын орталықтарынан, көркемдік-ауызша, денсаулық сақтау, құрылыс-конструктивті ойындар және театрланған әрекет етуге қажетті дидактикалық ойын құралдарынан тұрады. Барлық ойын құралдары балаларға қол жетімді және барлық санитарлық талаптарға сай келеді. Бөбекжайдағы даму ортасының талаптарға сай келуі мемлекеттік стандарттарға сай жүргізіледі.

2.3. Жылдық жоспар бойынша ата-аналармен жұмыстың талдауы

Жанұяда баланы тәрбиелеу үлкен көңіл бөлуді талап етеді. Ата-ана мен балалардың арасында болатын барлық жағдайлар тікелей махаббатпен байланысты. Бірақ бала тек қана отбасы тыныштығымен шектеліп қалмауы керек, себебі, мұның салдарынан балада түрлі ортада өзін ұстауына байланысты қиындықтар болуы мүмкін. Сондықтан, балабақша мен отбасы өсіп келе жатқан бүлдіршіндерді тәрбиелеуде өз күштерін біріктірулері тиіс.

Мектепке дейінгі білім беру мекемесі мен отбасының бірегей қарым-қатынасы ата-аналардың көздерінің ашықтығымен тығыз байланысты. Тәрбиешілер төмендегідей жұмыс түрін қолданады:

- Әр ата-анамен жеке сөйлесу, бұл тәрбиешінің немесе ата-ананың құптауымен жүргізіледі;
- Кеңес алу, балаларды тәрбиелеу мен оқыту жөнінде көмек көрсету;
- Ата-аналар жиналысы, ата-аналар ұжымымен жұмыс істеудің жалпы формасы;
- Стендтер – ақпарат берудің жолы;
- Буклеттер – белгілі бір тақырыпқа жасалған жима қағаздар. Буклеттерді баланың құқығы, қорғалуы және денсаулығы

жайында жасауға болады;

- Еске түсіру белгілері – жақсы жазылған ықшамдалған мәтін, қандай да бір ақпарат жөнінде еске салуы тиіс;
- Ауызша журналдар – түрлі мамандар мен ата-аналарды кездесуге шақыру;
- Көрмелер – балалар және ата-аналар қызықтай алатын заттардың жиынтығы.

Балабақша мен отбасының ортақтасуы тәрбиешілердің бірігіп жұмыс істеуі және бала мен ата-анаға байланысты.

Тәрбиешілер, ата-аналар және балалардың ортақтастығына мыналар жатады:

- белгілі бір мақсатқа (топты, аумақты жабдықтау) қолданылатын шаралар;
- балалар мен ата-аналарға ортақ көрмелер;
- мерекелік кештер, поэзия, театр кештері-балалар мен ата-аналарды өнер саласында біріктіру;

Ертеңгіліктер, мемлекеттік және күнделікті мерекелерге байланысты іске асатын іс-шаралар әрдайым қызықты, ұмытылмас шақтар. Денені шынықтыратын шаралар, байқаулар, интеллектуалдық ойындар балабақшаның басқа да мамандары атсалысуымен өтеді.

Ата-аналармен жұмыс жүйелі түрде жүргізілгенін ұйымдастырылған іс-шаралар арқылы байқауға болады. «Менің сүйікті-ата-әжем» тақырыбы бойынша ата-аналар арасында сурет көрмесі ұйымдастырылып, барлық топтар арасында «Атадан балаға өнеге» атты аталар сайысы өтті. Сайысқа төрт топтың аталары қатысып, өз өнерлерін көрсетіп, балаларға баталарын берді. Алтын күз мерекесі қарсаңында «Күз керемет» атты табиғи материалдардан көрме ұйымдастырылып, ата-аналар табиғи материалдан жасаған бұйымдарынан көрме ұйымдастырды. Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында ата-аналардың қатысуымен «Тәуелсіз Қазақстан!» атты суреттер көрмесі өтті. Көрмеге барлық топтың ата-аналары белсенді қатысты. «Баланың тілін дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар» атты жылжымалы папка, «Менің отбасыммен демалысым» - фотокөрме, «Ойлаймыз да ойнаймыз» - фото көрініс, «Балабақша мен отбасы» атты педагогикалық консилиум, «Балаларды қалай жақсы көру керек?» ата-аналар үшін қарым-қатынас сабағы, практикалық ұсыныстар, «Баланың үрейі» психолог кеңесі, «Мектепке барамын» тақырыбында ата-аналарды, психолог, бастауыш сынып мұғалімдерін қатыстыру негізінде ашық есік күні, «Іш-асқазан ауруларының профилактикасы» медбике кеңесі, «Отбасында баланы еңбекке баулу» кеңес, «Дені сау болып өсемін!» Тағамдық қоспалар мен дәрумендер», «Егу не үшін қажет?» медбике кеңесі, «Компьютер ойындарының зияны» атты кеңес, «Жол тәртібін білейік, Аман есен жүрейік!»-жылжымалы папка,

«Құстарға қамқорлық» табиғи материалдардан көрме, жас ата-аналарға кеңес: "Сөйлеп үйренемін", «Ата-ана балаңыз мектепке дайын ба?» атты сауалнама, «Ертегілер әлемі» кітаптар көрмелері ұйымдастырылды. Ата-аналар жиналысында оқу жылында өткізілген жұмыстар жайлы ақпарат беріліп, балабақшаның негізгі мақсат-міндеттерінің орындалуы, сонымен қатар балабақша және үй жағдайында балалардың өмірлерін сақтау және денсаулықтарын қорғауды ұйымдастыру шаралары айтылды.

2.4.6. Психолог маманының жыл бойы жүргізілген жұмыстарының талдауы

Психологиялық қызметтің мақсаты бөбекжай балаларының толыққанды психологиялық дамуы үшін жағдай жасау. Ол үшін әрбір баланың жан-жақты дамуы, бөбекжайдың тәрбиелеу-білім беру үрдісінің сапасын арттыру, педагогтың психологиялық құзыреттілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған.

Психологиялық қызмет жұмысы екі негізгі бағытқа – өзекті және перспективалық бағытқа бөлінген.

- Өзекті бағыт-мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың қандай да бір қиындықтарымен байланысты маңызды мәселерді шешуге бағытталған.
- Перспективалық бағыт-әрбір баланың жеке қалыптасуына, дамуына, оның мектепке психологиялық дайындығының қалыптасуына жұмылдырылған.

Психолог педагогикалық ұйымның қызметіне негізгі психологиялық идеяны – әр бала тұлғасының үйлесімді даму мүмкіндігін енгізіп, оның тәжірибелік тұрғыдан жүзеге асуына ықпал етті. Бөбекжай психологиялық қызметінің негізгі міндеті балалардың дауы, психологиялық қолдау көмегін көрсету үшін психологиялық жағдай жасау болып табылды.

Бөбекжай педагог-психологы қызметінің негізгі бағыттары психологиялық диагностика, түзетуші-дамытушы жұмыстар, психологиялық ағарту және психологиялық алдын-алу, психологиялық кеңес беру, бөбекжай қызметін психологиялық тұрғыдан қолдау болып табылады.

Психодиагностиканың негізгі мақсаты мектеп жасына дейінгі бала тұлғасының қалыптасуы мен толыққанды дамуына кедергі келтіретін жағдайларды анықтау. Зерттеулер жас ерекшеліктеріне сәйкес сапалы, бала тұлғасына білім беру ортасына әсері нәтижелерінің диагностикасына негізделген. Диагностикалық зерттеулер қабылданған шаралардың нәтижелілігін қадағалау мақсатында түзетуші-дамытушы жұмыстар жүргізілгеннен кейін де өткізілді.

Демек, аталмыш оқу жылында психологиялық қызметтің барлық жұмысы келесі бағыттарда жүргізілді:

- Психодиагностикалық
 - Кеңестік
 - Алдын-алушылық
 - Түзетуші-дамытушылық
- Нақты бағыттар психологиялық-педагогикалық мониторингте көрініс тапты.

Ұсыныстар

- Бөбекжай тәрбиеленушілерінің бөбекжайға келуін бақылауды күшейту, әр баланың жұмысын жүйелі түрде бақылап отыру.
- ҰІӨ және бос уақыттарындағы ойын әрекеттері барысында есту қабілеттерін дамытуға назар аудару.
- Бейнелеу өнеріне баса назар аудару; адамдарды, ағаштарды бейнелеу, әртүрлі заттар бейнесін сызу және зат бейнесін толықтырып салу.
- Графикалық диктанттар тәжірибесін арттыру.

- Сауат ашу пәніне, соның ішінде дыбыстық талдауға назар аудару.
- Ата-аналарды балаларын мектепке дайындау мәселесіне тарту.

Қорытынды:

- Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері орындалды.
- Балалардың интеллектуалдық-мотивациялық ауқымын дамыту бойынша жұмыстар жүргізілді.
- Балаларды мектепке дайындау бойынша жұмыстар жүргізілді.

Жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын бекіту.

Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы негізінде балаларды тұрақты немесе уақытша орналасуға қабылдау онда бос орынның болуына қарай жыл бойы жүргізіледі. Елді мекеннің ішінде бір мектепке дейінгі ұйымнан басқасына орын алмастыру жас топтары сәйкес келген жағдайда, ата-аналардың және мектепке дейінгі ұйым басшыларының келісімімен жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі ұйым қызметі екі кезеңге бөлінеді:

- 1) 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеру кезеңі;
- 2) 1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.
- 3) 1 қыркүйекте 5 жасқа толған балалар мектепке дейінгі ұйымнан жыл сайын 1 тамызға дейін босатылады

Жылдық жоспардың негізгі бөлімі

1.1. Педагогтардың әдістемелік деңгейін және кәсіби біліктілігін арттыру

